

Халық үніне құлақ асатын үкімет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты

2023 жылғы 29 наурыз



Оның бәрі, ең алдымен, ел болашағы үшін айрықша маңызды, – деді Президент.

Осы орайда Мемлекет басшысы депутаттарға бір ғана маңызды міндет жүктелетінін, яғни әрдайым өзгерістердің бел ортасында болу керек екенін атап өтіп, олардың маңызды шешімдер қабылдайтынын және сол үшін жұрт алдында жауап беретінін айтты.

Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды

Президент VIII сайланған Президент VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаған соң сайлауда жеңіске жетіп, депутат мандатына ие болған азаматтардың қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған негізгі өзгерістерге тоқталып, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті.

– Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі. Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті.

Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды бес саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да,

біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сайланған депутаттарды ел мүддесі үшін жұмыла жұмыс істеуге шақырып, Отанымызды өркендету жолында жасалатын өзгерістер әлі де жалғасатынын айтты.

– Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет.

Бұл – аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз.

Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды.

Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геоәлеуметтік тұрғыдан реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел.

дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам капиталының сапасын арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру мәселелеріне назар аударды.

Сондай-ақ аталған мәселелердің аясында Үкіметке бірқатар тапсырмалар беріп, Парламент тиісті заң жобаларын қабылдау қажет екендігін айтты.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейгенін, қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілгенін атап өтті. Оның айтуынша, бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді.

Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Осылайша, жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты

2023 жыл 30 наурыз

Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің жаңа құрамы сайлануына байланысты Үкімет өз өкілеттігін тоқтатқанын айтты. Сондай-ақ Үкіметтің атқарған жұмысына қысқаша тоқталып, шұғыл шаралардың нәтижесінде ел экономикасы 3,2 пайызға өскенін, халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелер уақтылы және толығымен орындалғанын жеткізді.

Президенттің айтуынша, мұның бәріне билік тармақтарының бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында қол жеткізілді. Осы ынтымақтастықты нығайтып, Үкімет пен Парламент экономиканы дамытып, халықтың әлауқатын арттыру үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Мемлекет басшысы кеше Парламент сессиясының ашылуында нақты міндеттерге тоқталғанын атап өтіп, стратегиялық бағдарымызды жүзеге асыру үшін Үкімет баса мән беруге тиіс мәселелерге назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Үкіметке тұрақты экономикалық өсімнің жылына кем дегенде 4 пайыз болуын қамтамасыз ету міндетін жүктеді.

– Экономиканың даму үлгісін түбегейлі өзгертуіміз керек. Ол үшін әртарапандыру жұмысын жүйелі жүргізіп, нарық қағидаларын нығайту маңызды. Түпкі мақсатымыз – жоғары технологияға негізделген, өзін-өзі толық қамтамасыз ететін және бәсекеге қабілетті экономика құру. Еліміздің негізгі өңірлік инвестициялық хаб ретіндегі рөлін күшейту қажет. Былтыр монополиядан арылту және шынайы бәсекелестік орта қалыптастыру салаларында ауқымды жұмыс жүргізілді. Алайда мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Үкімет экономикалық еркіндікті одан әрі кеңейту және мемлекеттің нарықтық процестерге ықпал ету деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдауы қажет. Аталған шаралардың іске асырылуы еліміздің институционалдық тұрғыда кемелденуіне, оның әртүрлі ішкі және сыртқы сын-қатерлерге төтеп беруіне мүмкіндік береді, – деді Президент.

Президент инфляцияны тежеуді екінші маңызды мәселе ретінде атап өтті. – Биыл оны кемінде екі есеге төмендету керек. Ең алдымен, азық-түліктің бағасын реттеу аса маңызды. Сол себепті агроөнеркәсіп кешенін және сауда-саттықты дамыту – негізгі басымдықтың бірі. Ішкі нарықты өз өнімдерімізбен барынша қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен қатар инфрақұрылымды дамыту, аумақтық саясаттың жан-жақты ойластырып жүргізу, адам капиталының сапасын дәйекті әрі жүйелі түрде арттыру және мемлекеттік аппараттың жұмысын қайта қарап, оны жаңғырту мәселелеріне тоқталды.

Жиын соңында Президент Премьер-Министрдің кандидатурасын Мәжілістегі партиялар фракцияларының жетекшілерімен талқылағаннан кейін ортақ мәмілеге келгенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ата заңының 44-бабына сәйкес Премьер-Министр лауазымына Әлихан Смайловтың кандидатурасын ұсынды.

Мемлекет басшысы Премьер-Министр лауазымына ұсынылған кандидатураны қолдағаны үшін Мәжіліс депутаттарына ризашылығын білдірді.

akorda.kz

А.Имановтың туғанына 150 жыл

1916-1917 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің басталу себептері



ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысында басталған Ресей өкіметінің қазақ елін отарлаудағы зымиян саясаты XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында өз мақсатына толық жетті. Ұланғайыр қазақ даласы бодандықтың темір құрсауына мықтап ілікті. Патша өкіметі қазақ елін толық иемденудің ақырын күтпей-ақ, оның мемлекеттік құрылымын тас-талқан етті.

Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан хандық

басқару билігін жойып жіберді. Окруттер құрып, оны аға сұлтандарға, орыс шенеуніктеріне билетті. Кейінірек қазақ атаулы бұл биліктен де айырылып, оларға болыстық пен ауыл старшындығы ғана тиетін болды.

Қазақ жері толықтай отарлаушылардың бақылауына өтті. Оның үстіне 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей қарауындағы халықтарға шексіз қайғы-қасірет әкелді.

Бұл ауырталық қазақтарды да айналдыртып өтпеді. Неше түрлі алымдар алу, қарапайым халықтың нығына соғыс ауырталығын салу бұрынғыдан еселеп өсе түсті. Патшаға деген наразылығы өршіген халыққа

1916 жылдың 25 маусымдағы бұратана халықтардан (қазақ, тәжік, өзбек, түрікмен, дунген мен ұйғыр) майдан қара

жұмысына адам алу туралы жарлығы бықсыған отқа май құйғандай әсер етті. Онсыз да жер, суынан, шұрайлы қонысынан айырылып, соның салдарынан жиі-жиі жұтқа ұшырап, шаруасы күйзеліп, жаны киналып отырған халық жерімізді, малымызды, дәулетімізді алды, енді жанымызға қол салды деп киналды. Қарапайым халықтан майданға адам тарту - әскери-міндеттік заңды іс емес еді. Бұл өктемдік - күш көрсету, озбырлық белгісі еді. Патша өкіметі, оның жергілікті шенеуніктері отарлап алғанына 100-200 жылдай болса да қазақтарды, Орта Азия халықтарын өзінің жұрты санаған емес.

Бұдан 185 жыл бұрын қазақтар орыс патшасына бағынамыз деп келіскенде екі жағы да ант, уәде беріскен. Қазақтар бағынатын болған.

Патша өкіметі қазақтан солдатқа адам алмайтын болған. «Малым

– жанымның, жаным – арымның садағасы» дейтін арлы қазақ үшін ант беру – қасиетті ұғым, киелі рәсім.

Антына, уәдеге берік халық үшін ант бұзу – құдай алдындағы күнәнің зоры. Сондықтан патшаның антты бұзғанына ашынған халық әр өңірлерде бас көтере бастады. Мұнымен қатар кейбір болыс, ауылдық старшындардың солдатқа тізім жасау кезінде өзінің, туыскандарының, пара берген байлардың балаларын әскерге шақырылатындардың қатарынан босатып, орнына жасы келсін, келмесін басқа қарапайым халықтың балаларын кіргізуі наразылықты үдете түсті және көтерілістің басты себептерінің бірі осы болды.

Шілденің аяғы мен тамыздың басында жаппай қара жұмысқа алуға және жергілікті өкімет орындарының озбырлығына қарсы Қазақстанның жер-жерінде ашынған халық

толқулары өріс алып, бірте-бірте қарулы көтеріліске ұласа бастады.

Көтерілістің аса ірі орталықтары Жетісу мен Торғай жері болғаны баршаға белгілі. Жетісудағы Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Нұқа Сатыбеков бастаған көтерілісшілер қозғалысы аяусыз басып - жаншылған кезде Торғай даласында күн сайын өрістей түскен еді. Басшылығында Әбдіғалпал Жанбосынов, Амангелді Иманов, Кейкі Көкембайұлы, Әліби Жангелдин, Оспан Шолақұлы, Қасымхан Алтынсарыұлы тұрған Торғай көтерілісі ең қажырлы және ұзаққа созылған көтеріліс болды. Қазақстанның әр өңірінде бой көтерген ұлт-азаттық көтеріліс тұтастай алғанда 1916 жылдың аяғына қарай бірінен соң бірі жеңіліс тауып жатты.

Қорыта айтқанда, қазақ еліндегі, оның ішінде Торғай даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

дүйім қазақ жұртын дүр сілкіндірген ұлы оқиға болды. Қазақ халқының ата-бабадан келе жатқан жауынгерлік рухының әлі жоғары екенін танытты.

Қолына өз заманының қару-жарағын берсең, қандай жаумен де шайқаса алатынын көрсеткен халқымыз отаршылдыққа қарсы азаттық жолындағы күрестің үлкен мектебінен өтті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлмағанбет Б. Торғайдағы азаттық көтерілісі. Алматы 2005 ж.
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011 ж.
3. Мақсұтбек Сүлеймен. «Амангелді ауданы» тарихи – танымдық энциклопедия. Павлодар, 2018 ж.
4. «Жетісу» энциклопедия. Алматы, «Арыс» 2004 ж.

А.Иманов атындағы Амангелді мемориалдық музейі.